• Пісіретін бетті тазалау үшін металл жөкелер мен абразивтік тазартқыш құралдарды пайдаланбаңыз, өйткені бұл оның бетіне сызаттардың түсуіне себеп болуы мүмкін.
• Электр аспаптың зақымдалған қоректендіру бауын ауыстыруды жеткілікті біліктілікке ие маман жүзеге асыруға тиіс.

Бұл электр аспап тұрмыстық және сол іспетті қолдануға, мысалы: - дүкендерде, офистерде және басқа орындарда қызметші құрамға арналған ас үй үй-жайларында; - қала сыртындағы үйлерде; - отельдерде, мотельдерде және басқа тұрғын үй-жайларда клиенттердің пайдалануына; - "түнеу және таңғы ас" типті қонақүйлерде пайдалануға арналған.

Бұл электр аспапты егер олардың іс-қимылдарын жауапты тұлға бағатын болса, және егер ондай адамдар электр аспапты қауіпсіз пайдалануға қатысты нұсқауландырылға және оның жұмысына байланысты қауіптерді түсінетін болса, 8 жастан бастап балаларға және қимыл немесе ақыл-ой қабілеті бұзылған адамдардың, сондай-ақ жеткілікті тәжірибесі мен білімдері жоқ адамдардың пайдалануына болады. Балаларға электр аспаппен ойнауға рұқсат етпеңіз. Пісіретін бетті тазалауды және қызмет көрсетуді балалар ересекетердің қарауынсыз жүзеге асырмауға тиіс.

Балаларға электр аспаппен ойнауға рұқсат етпеңіз.

- ЕСКЕРТУ: Пісіретін бетте тамақ пісіру үдерісін байқаусыз тоңмай немесе май пайдаланып тамақ пісіру өрт шығуына әкеліп соғуы мүмкін. ЕШҚАШАНДА жалынды сумен сөндіруге тырыспаңыз. Электр аспапты өшіріңіз де, содан жалынді, мысалы, қақпақпен немесе өрт сөндіру көрпесімен үстінен жабыңыз.
- Пісіретін беттің үстіне пышақ, шанышқы, қасық және қақпақ секілді металл заттарды қоймаңыз, өйткені ондай заттар жоғары температураға дейін қызуы мүмкін.
- Пісіретін бетті пайдаланудан кейін оны басқару түймешігін пайдалану арқылы өшіріңіз (пісіретін беттің үстінде ас үй ыдыс-аяғының болуын тіркеу құрылғысына сенім артпаңыз).
- Бұл электр аспап сыртқы таймердің немесе сыртқы қашықтан басқару жүйесі арқылы басқаруға арналмаған.

**Сізді** жаңа индукциялық пісіретін бетті сатып алуыңызбен құттықтаймыз. Біз сізге электр аспапты қалай дұрыс орнату және дұрыс пайдалану керек екенін түсіну үшін, оны орнату жөніндегі осы нұсқауды оқып шығу үшін біраз уақытыңызды жұмсауға кеңес береміз.

Электр аспапты орнатуды дұрыс жүзеге асыру үшін, оны орнату суреттелген бөлімді оқып шығыңыз.

Электр аспапты іске пайдалануды бастамай тұрып, қауіпсіздік техникасы жөніндегі барлық нұсқаулықтарды мұқият оқып шығыңыз және бұл нұсқауды келешекте пайдалану үшін оны сақтап қойыңыз.

# Бұйымның жалпы суреттемесі

## Үстінен қарағанда көрінісі




1. Максималды қызу қуаттылығы 1200/1500 Вт қыздыру аумағы
2. Максималды қызу қуаттылығы 2300/2600 Вт қыздыру аумағы
3. Максималды қызу қуаттылығы 3000/4000 Вт қыздыру аумағы
4. Шыны-қыш бет
5. Сенсорлық басқару панелі

## Басқару панелі




1. Сенсорлық қыздыруды / таймерді реттеуіш
2. Қыздыру аумағын таңдау түймешіктері
3. Басқару түймешіктерін бұғаттау
4. ҚОСУ / ӨШІРУ түймешігі
5. Тамақты ысыған күйінде сақтау функциясының түймешігі
6. Қатты қыздыру функциясының (Booster) түймешігі
7. Таймерді реттеу

# Индукциялық пісіретін бетте тамақ пісіру

Индукциялық пісіретін бетте тамақ пісіру заманауи, тиімді және үнемді тамақ пісіру технологиясы болып табылады. Бұл тамақ пісіру технологиясы пісіретін беттің шынысы арқылы өтетін жылуды емес, тікелей тамақ пісіретін ыдыста жылу генерациясын негізге алады. Шыны тек ыдыстан жылу ауысуының нәтижесінде қызады.



темір қазан

магниттік тізбек
шыны-қыш тақта
индуктивтілік орауышы
индукцияланған токтар

## Өзіңіздің жаңа индукциялық пісіретін бетіңізді пайдаланудың алдында

• Осы нұсқауды, «Қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулар» бөліміне ерекше назар аударып, оқып шығыңыз.
• Индукциялық пісіретін беттің үстінен онда қалған қорғаныштық таспаның бәрін алып тастаңыз.

## Сенсорлық басқару түймешіктерін пайдалану

• Сенсорлық басқару түймешіктері сәл жанасқанға жауап қатады. Сондықтан сіз оларға ешбір күш түсірмеуге тиіссіз.
• Түймешікке саусағыңыздың ұшын емес, саусағыңыздың басын тигізіңіз.
• Тигізу тіркелгеннен кейін, сіз дыбыстық сигналды естисіз.
• Басқару түймешіктерінің әрдайым таза, құрғақ болуын және олардың қандай да бір заттармен (мысалы, асүй ыдыс-аяғымен немесе киім түрлерімен) көлегейленбеуін қадағалаңыз. Басқару түймешігінде тіпті өте жұқа су қабатының болуы басқару түймешігінің жұмысының бұзылуына әкеліп соғуы мүмкін.



# Лайықты ас үй ыдыс-аяғын таңдау



• Тек индукциялық пісіретін бетте тамақ пісіру үшін жарайтын ас үй ыдыс-аяғын пайдаланыңыз.

Қазанның түбінде немесе оның қапталымында индукциялық қыздыру символы болуға тиіс.

• Сіз ыдыс-аяқтың жарамдылығын магниттің көмегімен тексере аласыз.

Магнитті қазанның табанына тақаңыз. Егер магнит тартылатын болса, онда ыдыс-аяқ индукциялық пісіретін бетте пайдалану үшін жарамды.

• Егер сізде магнит жоқ болса:

1. Өзіңіз тексеруді қалайтын қазанға азғантай көлемде су құйыңыз.
2. «Тамақ пісіруді бастау үшін» бөлімінде суреттелген қадамдарды орындаңыз.
3. Егер пісіретін U индикаторы жыпылықтамаса, ал су ысыса, онда ыдыс-аяқ индукциялық бетте пайдалану үшін жарамды болып табылады.

• Төменде тізімі берілген материалдардан жасалған асүй ыдыс-аяғы индукциялық пісіретін бетте пайдалану үшін жарамсыз: ферромагниттік материалдан жасалған табаны жоқ тат баспайтын болат, алюминий немесе мыс, шыны, ағаш, фарфор, қыш немесе фаянс.

Түбі тегіс емес немесе ойысқан асүй ыдыс-аяғын пайдаланбаңыз.



Қазанның немесе табаның табаны тегіс болып табылатынына, индукциялық пісіретін бетке жақсы қабысатынына және ыдыс-аяқтың диаметрі қыздыру аумағына тең екеніне көз жеткізіңіз. Диаметрі таңдап алынған қыздыру аумағына сәйкес келетін ас үй ыдыс-аяғын пайдаланыңыз. Диаметрі таңдап алынған қыздыру аумағынан сәл асатын ыдыс-аяқ пайдаланылған кезде, электр энергиясын пайдаланудың максималды тиімділігі қамтамасыз етіледі. Диаметрі одан кем ыдыс-аяқ пайдаланылатын кезде электр энергиясын пайдаланудың тиімділігі төмендейтін болады. Диаметрі 140 мм-ден кем қазанды пісіретін бет ажыратпауы мүмкін. Қазанды міндетті түрде қыздыру аумағының тура ортасына қойыңыз.





Сіз қазанды индукциялық пісіретін беттен алатын уақытта, әрдайым оны пісіретін бетпен сырғытпаңыз, тек көтеріңіз, әйтпесе, сіз пісіретін бетке сызат түсіруіңіз мүмкін.



# Индукциялық пісіретін бетті іске пайдалану

## Тамақ пісіруді бастау үшін

1. ҚОСУ / ӨШІРУ ⏻ сенсорлық басқару түймешігіне қолыңызды тигізіңіз.



Пісіретін бет қосылғаннан кейін бір дыбыстық сигнал беріліп, барлық индикаторлард " – " немесе " – – " көрсетіледі. Бұл индукциялық пісіретін беттің күту режиміне ауысқанын білдіреді.

2. Өзіңіз пайдалануды көздеген қыздыру аумағына лайықты қазанды немесе табаны қойыңыз.



• Қазанның түбі мен қыздыру аумағының беті таза және құрғақ болып табылатынына көз жеткізіңіз.

3. Қыздыру аумағын басқару түймешігіне қол тигізіңіз. Қыздыру аумағының жарық индикаторы жыпылықтай бастайды.




4. Қыздыру қуаттылығын сенсорлық реттеуіштің көмегімен реттеңіз.

ҚУАТТЫЛЫҚТЫ ҰЛҒАЙТУ



• Егер сіз 1 минуттың ішінде қыздыру қуаттылығын орнатпасаңыз, онда индукциялық пісіретін бет автоматты түрде өшеді.

Сізге 1-ші қадамнан бастап, жоғарыда суреттелген операцияларды қайтадан орындау қажет болады.

• Сіз тамақ пісіру үдерісін жүзеге асыру уақытында қыздыру деңгейінің орнатылымын кез келген уақытта өзгерте аласыз.

## Егер қыздыру деңгейін орнату кезінде индикаторы  жыпылықтайтын болса

Бұл мынаны білдіреді:

• сіз қазанды немесе табаны қыздыру аумағына қойған жоқсыз, немесе,

• сіз пайдаланатын асүй ыдыс-аяғы индукциялық пісіретін бетте пайдалану үшін жарамайды, немесе,

• ыдыс-аяқ тым кішкентай немесе қыздыру аумағының тура ортасына қойылмаған.

Егер қыздыру аумағына лайықты ыдыс-аяқ қойылмаған болса, онда қыздыру жүзеге асырылмайды.

Егер қыздыру аумағына лайықты ыдыс-аяқ қойылмаған болса, онда 1 минуттан соң индикатор автоматты түрде сөнеді.

# Сіз тамақ пісіру үдерісін аяқтағаннан кейін

1. Өзіңіз өшіруге оқталған қыздыру аумағының түймешігіне қолыңызды тигізіңіз.



**2.** Қыздыру аумағын қыздыру деңгейін сенсорлық реттеуішті сол жаққа бұру арқылы өшіріңіз.

Дисплейде ”0” көрсетіліп тұрғанына көз жеткізіңіз.



ҚУАТТЫЛЫҚТЫ АЗАЙТУ

**3. ҚОСУ / ӨШІРУ түймешігін басу арқылы** бүкіл пісіретін бетті өшіріңіз.



**4. Ыстық беттердің бар екені туралы ескерту**

**H** индикаторының жанып тұрғаны қыздыру аумағы оған қол тигізу үшін тым ыстық болып табылатынын көрсетеді. Бұл индикатор бет қауіпсіз температураға дейін салқындаған уақытта сөнеді. Мұны сондай-ақ егер сіз әлі де ыстық болып тұрған қыздыру аумақтарын пайдаланып, басқа қазандарды ысытқыңыз келсе, электр энергиясын үнемдеу үшін пайдалануға болады.



# Қатты қыздыру функциясын (Booster) пайдалану

**Қатты қыздыру функциясын қосу**

1. Қыздыру аумағын таңдау түймешігіне қолыңызды тигізіңіз.



2. Қатты қыздыру функциясын  таңдау түймешігіне қолыңызды тигізіңіз, қыздыру аумағының индикаторында “b” әрпі көрсетіледі және максималды қыздыру қуаттылығы орнатылады.



**Қатты қыздыру функциясының күшін қайтару**

1. Сіз ол үшін қатты қыздыру функциясының күшін жоюды қалайтын қатты қыздыру функциясын таңдау түймешігіне қолыңызды тигізіңіз.



2. а: Сіз ол үшін қатты қыздыру  функциясының күшін жоюды қалайтын қыздыру аумағын таңдау түймешігіне қолыңызды тигізіңіз.

b: Қыздыру қуаттылығын алдында таңдап алынған деңгейге қайтару үшін сенсорлық қыздыру деңгейін реттеуішке қолыңызды тигізіңіз.



**немесе**



- Бұл функция барлық қыздыру аумақтары үшін пайдаланыла алады.
- Қыздыру аумағы алдында таңдап алынған қыздыру деңгейіне 5 минуттан соң қайтып оралады.
- Егер қатты қыздыру функциясы бірінші қыздыру аумағы үшін қосылған болса, онда екінші қыздыру аумағы үшін қыздыру қуаттылығы автоматты түрде екінші қыздыру деңгейімен және керісінше шектеледі.
- Егер қыздыру аумағының бастапқы қуаттылығы 0 деңгейіне сәйкес болса, онда ол 15 деңгейге 5 минуттан соң қайтып оралады.

# Тамақты ысытылған күйінде сақтау функциясын пайдалану

**Тамақты ысытылған күйінде сақтау функциясын қосу**

1. Қыздыру аумағын таңдау түймешігіне қолыңызды тигізіңіз.



2. Тамақты ысытылған күйінде сақтау функциясын таңдау функциясына қолыңызды тигізіңіз, аумақтың индикаторында " U " көрсетіледі.





U

# Басқару түймешіктерін бұғаттау

- Сіз басқару түймешіктерінің кездейсоқ пайдаланылуына (мысалы, баланың қыздыру аумағын қосуына) жол бермеу үшін, олардың әрекетін бұғаттай аласыз.
- Егер басқару түймешіктері бұғатталған болса, онда Қосу / Өшіру түймешігінен басқа, пісіретін беттің барлық басқару түймешіктері жұмыс істемейді.

**Басқару түймешіктерін бұғаттау үшін**

Пісіретін беттің басқару түймешіктерін бұғаттау түймешігіне қолыңызды тигізіңіз. Таймердің индикаторында " Loc " көрсетіледі.

**Басқару түймешіктерін бұғаттан шығару үшін**

1. Пісіретін беттің басқару түймешіктерін бұғаттау түймешігін біраз уақыт басып тұрыңыз.
2. Енді сіз өзіңіздің индукциялық пісіретін бетіңізді қайтадан пайдалана аласыз.

Егер пісіретін бет басқару түймешіктерін бұғаттау режимінде тұрса, онда ҚОСУ / ӨШІРУ түймешігінен басқа ешқандай басқару түймешіктері жұмыс істемейді.

ⓘ Бұл орайда сіз қажет болған жағдайда пісіретін бетті ҚОСУ / ӨШІРУ түймешігін пайдалану арқылы әрдайым өшіре аласыз, бірақ бұл орайда пісіретін бетті келесі қосардан бұрын сіз басқару түймешіктерін бұғаттан босатуға тиіс боласыз. ⓘ

# Шекті температурадан асырудан қорғау

Индукциялық пісіретін бетте температура бергіші болады, оның көмегімен пісіретін беттің температурасын бақылауға болады. Егер тым жоғары температура тіркелсе, онда индукциялық пісіретін бет автоматты түрде өшіріледі.

# Кішкене заттарды табу

Егер пісіретін бетте мөлшері жарамайтын ас үй ыдыс-аяғы немесе жарамсыз материалдан (мысалы, алюминийден) жасалған ас үй ыдыс-аяғы немесе шағын зат (мысалы, пышақ, шанышқы, кілт) болса, онда 1 минуттан соң пісіретін бет автоматты түрде өшіріледі. Желдеткіш индукциялық пісіретін бетті салқындатуын тағы бір минут жалғастырады.

## Автоматты қорғаныштық ажырату

Автоматты қорғаныштың ажырату сіздің индукциялық пісіретін бетіңізді қорғау функциясы болып табылады. Егер сіз пісіретін бетті өшіруді ұмытып кетсеңіз, онда ол автоматты түрде өшірілетін болады. Төмендегі берілген кестеде ол өткен соң пісіретін беттің автоматты түрде ажыратылуы жүзеге асырылатын уақыттың мәндері келтірілген (әр түрлі қыздыру деңгейлері үшін).

| Қыздыру деңгейі | 1-5 | 6-10 | 11-14 | 15 |
|---|---|---|---|---|
| Таймерді әдепкі бойынша орнату (сағат) | 8 | 4 | 2 | 1 |

Индукциялық пісіретін беттен ыдыс-аяқты алғаннан кейін, пісіретін бет қыздыруды жүзеге асыруын дереу доғарады және 2 минуттан соң автоматты түрде өшірілетін болады.

Кардиостимуляторларды пайдаланатын адамдар индукциялық пісіретін бетті пайдаланбастан бұрын, дәрігердің консультациясын алуға тиіс.

# Таймерді пайдалану

Сіз пісіретін беттің таймерін екі түрлі тәсілмен пайдалана аласыз:

- Сіз оны кері санау таймері ретінде пайдалана аласыз. Ондай жағдайда таймер берілген уақыт өткен соң қыздыру аумағын автоматты түрде өшірмейтін болады.
- Сіз оны берілген уақыт өткен соң қыздыру аумағын ажыратуды жүзеге асыру үшін орната аласыз.
- Сіз сондай-ақ таймердің іске қосылу уақытын 119 минутқа дейін орната аласыз.

## Таймерді кері санау таймері ретінде пайдалану

### Егер сіз белгілі бір қыздыру аумағын таңдамаған болсаңыз

1. Пісіретін бетінің қосулы тұрғанын көз жеткізіңіз.
   Ескерім: сіз кері санау таймерін ешқандай қыздыру аумағын таңдамай-ақ пайдалана аласыз.

2. Таймерді басқару түймешігіне қолыңызды тигізіңіз , таймердің дисплейінде “0 : 10” көрсетілетін және “0” жыпылықтайтын болады.




3. Сенсорлық реттеуішті пайдалану арқылы уақытты орнатыңыз (мысалы, 6).



4. Таймерді басқару түймешігіне тағы бір рет қолыңызды тигізіңіз, дисплейде “1” жыпылықтайтын болады.




5. Сенсорлық реттеуішке қолыңызды тигізу арқылы уақытты орнатыңыз (мысалы, 9), енді сіздің таймеріңіздің орнатылымы 56 минутқа сәйкес келеді.






6. Орнатылған уақытты санау аяқталғаннан кейін ұзақтығы 30 секунд дыбыстық сигнал естіледі және таймердің индикаторында “0:00“ пайда болады.



# Таймерді қыздыру аумағын өшіру үшін орнату

## Егер таймер қыздыру аумақтарының бірі үшін орнатылған болса:

1. Өзіңіз ол үшін таймерді пайдалануды қалайтын қыздыру аумағын таңду түймешігіне қолыңызды тигізіңіз.




2. Таймерді басқару түймешігіне қолыңызды тигізіңіз, таймердің дисплейінд “0 : 10” көрсетіледі және “0” жыпылықтайтын болады.




3. Сенсорлық реттеуішті пайдалану арқылы уақытты орнатыңыз (мысалы, 6).






4. Таймерді басқару түймешігіне тағы бір рет қолыңызды тигізіңіз, дисплейде “1” жыпылықтайтын болады.




5. Сенсорлық реттеуішке қолыңызды тигізу арқылы уақытты орнатыңыз (мысалы, 9), енді сіздің таймеріңіздің орнатылымы 56 минутқа сәйкес келеді.






6. Уақыт орнатылғаннан кейін таймер бірден кері санауды бастайды.

Дисплейде қалған уақыт көрсетіледі және таймердің индикаторы 5 секунд бойы жыпылықтайтын болады.

ЕСКЕРІМ: Қыздыру деңгейінің қасында орналасқан қызыл нүктенің жануы бұл қыздыру аумағының таңдалғанын көрсетеді.



7. Таймермен берілген тамақ пісіру уақыты өткен соң, тиісті қыздыру аумағы автоматты түрде өшірілетін болады.



⚠ Егер басқа қыздыру аумақтары бұрын қосылған болса, олар жұмыс істеуін жалғастыра беретін болады.

## Егер таймер бірнеше қыздыру аумағы үшін орнатылған болса

1. Егер сіз таймерді қатарынан бірнеше қыздыру аумағы үшін орнатқан болсаңыз, онда тиісті қыздыру аумақтарының ондық нүктелері жанатын болады. Таймердің дисплейінде кері санау таймерінің орнатылымы көрсетілетін болады. Тиісті аумақтың нүктесі жыпылықтап тұрады.



(15 минутқа орнатылған)



(45 минутқа орнатылған)

2. Кері санаудың орнатылған уақыты өткен соң, тиісті қыздыру аумағы өшіріледі. Содан кейін таймердің басқа аумаққа арналған орнатылымы көрсетіледі және тиісті аумақтың нүктесі жыпылықтайтын болады.



- Қыздыру аумағын таңдау түймешігіне қолыңызды тигізіңіз, таймердің дисплейінде тиісті таймер көрсетілетін болады.

# Тамақ пісіруге қатысты кеңестер



Тамақты қуырған кезде абай болыңыз, өйткені май мен тоңмай, әсіресе, егер сіз қыздырудың жоғары қуаттылығын (PowerBoost) пайдаланатын болсаңыз, өте жылдам қызады. Өте жоғары температураға жеткен кезде майдың немесе тоңмайдың өртенуі орын алуы, ол өз кезегінде өрт шығуына әкеліп соғуы мүмкін.

## Тамақ пісіруге қатысты кеңестер

• Тамақ қайнай бастаған уақытта, қыздыру деңгейінің орнатылымын азайтыңыз.
• Қазанда қақпақты пайдалану тамақ пісіру уақытын қысқартады, сондай-ақ жылуды ұстап қалудың нәтижесінде электр энергиясын тұтынуды қысқартады.
• Тамақ пісіру уақытын қысқарту үшін, сұйықтың немесе тоңмайдың көлемін барынша азайтыңыз.
• Тамақ пісіруді қыздырудың (температураның) жоғары деңгейінің орнатылымы кезінде бастаңыз және тамақ ысығаннан кейін қыздыру деңгейінің орнатылымын азайтыңыз.

**Тамақты аз отқа пісіру, күріш пісіру**

• Тамақты аз отқа пісіру 85 °C градусқа жуық температура кезінде жүзеге асырылады. Бұл орайда ауа көпіршіктері онда тамақ пісіп жатқан сұйықтың бетіне көтеріле бастайды. Тамақты аз отқа пісіру сізге өте дәмді көжелер мен бұқтырылған еттен жұмсақ тағамдар пісіруге мүмкіндік береді. Өйтіп пісірген кезде тамақ хош иісті болып шығады және қатты піспейді. Сіз сондай-ақ жұмыртқаның негізіндегі тұздықтарды және ұнмен қойытылған тұздықтарды қайнау нүктесінен төмен температура жағдайында пісіре аласыз.

Кейбір тағамдарды пісіру үшін, соның ішінде абсорбция әдісін пайдаланып күріш пісіру үшін, тамақтың белгіленген уақыт ішінде дұрыс пісуі мақсатында температураны минималды температураның орнатылымын жоғары орнату талап етілуі мүмкін.

**Ет қуыру**

Шырынды, хош иісті бифштекс пісіру үшін:
1. Етті пісірердің алдында оны шамамен 20 минут бөлме температурасы жағдайында ұстаңыз.
2. Түбі қалың табаны қыздырыңыз.

3. Кесек еттің екі жағына өсімдік майын жағыңыз. Табаға өсімдік майын жағыңыз, содан кейін етті табаға салыңыз.
4. Етті пісірген уақытта кесек етті тек бір рет қана аударыңыз. Етті пісірудің нақты уақыты кесек еттің қалыңдығына және сіздің оны қалай пісіргіңіз келетініне байланысты. Етті пісіру уақыты 2 - 8 минут (әр жағына) шектерінде өзгеруі мүмкін. Кесек еттің қалай қуырылғанын тексеру үшін, оның үстінен басыңыз. Ет неғұрлым қатты болса, ол соғұрлым қатты қуырылған.
5. Дастарқанға тартудың алдында қуырылған ет біраз жұмсаруы және былбырауы үшін оны қыздырылған тәрелкеге бірнеше минутқа сала тұрыңыз.

**Тамақты үнемі араластыра отырып қызған майға қуыру**

1. Индукциялық пісіретін бетте пайдалану үшін жарамды ыдыс-аяқты немесе үлкен табаны алыңыз.
2. Барлық ингредиенттер мен ыдыс-аяқты дайындаңыз. Тамақты үнемі араластыра отырып қызған майға қуыру жылдам болуға тиіс. Тамақты көп етіп пісіретін кезде оны шағын үлестермен пісіріңіз.
3. Табаы жылдам қыздырып, оған екі ас қасық өсімдік майын үстеңіз.
4. Алдымен етті пісіріп, оны табадан алыңыз да, жылы күйінде сақтап қойыңыз.
5. Көкөністерді қуырыңыз. Көкөністер ысыған, бірақ бұрынғысынша күйрек болып қала беретін уақытта, қыздыру аумағының температурасын азайтыңыз, қуырылған етті табаға салып, тұздық қосыңыз.
6. Ингредиенттер біркелкі ысуы үшін оларды ақырындап араластырыңыз.
7. Дастарқанға бірден қойыңыз.

# Қыздыру деңгейін орнату

Төмендегі келтірілген қыздыру деңгейінің орнатылымдары ұсыныстамалық сипатқа ие. Қыздыру деңгейінің нақты орнатылымы бірқатар факторларға, соның ішінде пайдаланылатын ас үй ыдыс-аяғы мен пісірілетін тамақтың көлеміне байланысты болады. Оңтайла орнатылымдарды анықтау үшін, өзіңіздің пісіретін бетіңізбен жиірек эксперименттер жасап отыру керек.

| Қыздыру деңгейінің орнатылымы | Операция |
|---|---|
| 1 - 3 | • тамақтың шағын көлемін баяу ысыту<br>• шоколад еріту, сарымайды жұмсарту және жылдам күйетін тамақты ысыту<br>• төмен отта қайнату<br>• баяу ысыту |
| 4 - 5 | • тамақты ысыту<br>• жылдам қайнату<br>• күріш пісіру |
| 8 - 10 | • құймақ пісіру |
| 11- 14 | • сотирлеу<br>• макарон бұйымдарын пісіру |
| 15/P | • тамақты үнемі араластыра отырып, қызған майға қуыру<br>• шыжғыру<br>• көжені қайнауға дейін жеткізу<br>• суды қайнату |

# Күтім жасау және тазалау

| Не? | Қалай? | Бұл маңызды! |
|---|---|---|
| Шыныдағы әдеттегі кірлер (саусақ іздері, басқа ізідер, құрамында қант жоқ тамақтан немесе сұйықтан қалған дақтар) | 1. Пісіретін бетті қоректендіруден ажыратыңыз.<br>2. Пісіретін беттің үстіне тазартқыш құралды жағыңыз (бұл орайда шыны жылы болуға тиіс, бірақ ыстық болмауға тиіс!)<br>3. Сумен шайыңыз да, таза шүберекті немесе қағаз сүлгіні пайдаланып, құрғатып сүртіп алыңыз.<br>4. Пісіретін бетті қоректендіруге қосыңыз. | • Егер пісіретін бетті қоректендіру қосылған болса, онда "ыстық бет" индикаторы жанбайды, бірақ бұл орайда қыздыру аумағы бұрынғысынша ыстық болып қала береді. Өте сақ болыңыз.<br>• Ыдыс-аяқ жууға арналған металл жөкелер, ыдыс-аяқ жууға арналған кейбір нейлон жөкелер мен қатты / абразивтік тазартқыш құралдар шыныда сызат қалдыруы мүмкін. Пайдаланылатын тазартқыш құралды немесе ыдыс-аяқ жууға арналған жөкені сіздің пісіретін бетіңізді тазалау үшін пайдалануға болатынына көз жеткізу үшін, құлақша қағазда берілген ақпаратты міндетті түрде оқып шығыңыз.<br>• Ешқашанда пісіретін беттің үстінде тазартқыш құралды қалдырмаңых: шыныда дақтар пайда болуы мүмкін. |
| Құрамында қант | Ондай кірлерді балық аршуға | • Құрамында қант бар тамақтың |

| | | |
|---|---|---|
| бар сұйықтың шыныға шашырауы мен тамшылары | арналған пышақтың немесе индукциялық пісіретін бетті тазалау үшін жарамды өткір жүзді қырғыштың көмегімен дереу кетіріңіз. Бұл орайда ыстық қыздыру аумағына тиіп кеткен кезде күйіп қалмас үшін абай болыңыз.<br>1. Қабырғаға орнатылған ажыратқыштың көмегімен пісіретін бетті қоректендіруді ажыратыңыз.<br>2. Пышақты немесе қырғышты 30° бұрыш астында ұстап тұрып, кірді пісіретін беттің салқын аумағына қырып тастаңыз.<br>3. Кірді шүберектің немесе қағаз сүлгінің көмегімен кетіріңіз.<br>4. «Шыныдағы әдеттегі кір» параграфының 2-шіден 4-ші қадамына дейін орындаңыз (жоғарыдан қараңыз). | төгілуінің нәтижесінде түзілген дақтарды мүмкіндігінше тез кетіріңіз. Егер ондай кірді пісіретін бетте олар қатқанға дейін қалдырс, онда оларды одан кейін кетіру өте қиын болады немесе олар пісіретін бетті зақымдауы мүмкін.<br>• Қолды кесіп алу қаупі: Пісіретін бетті тазалауға арналған қырғыштың қорғаныш қалпақшасын шешкеннен кейін, өте өткір жүз жалаңашталады. Пісіретін бетті тазалауға арналған қырғышты өте абайлап пайдаланыңыз және оны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. |
| Сенсорлық түймешіктердің үстіне тамақтың төгілуі | 1. Пісіретін бетті қоректендіруді ажыратыңыз.<br>2. Тамақ төгілген жерді сулаңыз.<br>3. Сенсорлық басқару түймешігін дымқыл таза жөкемен немесе шүберекпен сүртіп алыңыз.<br>4. Аумақты қағаз сүлгінің көмегімен құрғатып сүртіп алыңыз.<br>5. Пісіретін бетті қоректендіруді қосыңыз. | • Дыбыстық сигнал қосылуы мүмкін, содан кейін пісіретін бет өшіріледі және егер сенсорлық басқару түймешіктеріне су тисе, олар жұмыс істемеуі мүмкін. Пісіретін бетті қайтадан қосардың алдында, онда сенсорлық басқару түймешіктері орналасқан аумақты құрғатып сүртіп алыңыз. |

# Ақаулықтарды табу және жою

| Проблема | Ықтимал себептері | Не істеу керек |
|---|---|---|
| Пісіретін бет қосылмайды | Электр тогымен қоректендіру жіберілмейді. | Индукциялық пісіретін беттің электр желісіне қосылғанын және оның қосулы тұрғанын тексеріңіз. Электр желісінде кернеудің бар екенін тексеріңіз. Егер осы тексерістерді жасағаннан кейін проблема қала берсе, білікті маманның көмегіне жүгініңіз. |
| Басқару түймешіктері жұмыс істемейді. | Басқару түймешіктерінің жұмысы бұғатталған. | Басқару түймешіктерін бұғаттан босатыңыз. Тиісті нұсқаулықтар алу үшін «Индукциялық пісіретін бетті іске пайдалану» бөлімін қараңыз. |
| Сенсорлық басқару түймешіктерін пайдалануға байланысты қиындықтар туындайды. | Басқару түймешіктерінде судың жұқа қабаты болуы мүмкін немесе сіз басқару түймешіктеріне саусағыңыздың ұшын тигізесіз. | Сенсорлық басқару түймешіктері орналасқан аумақтың құрғақ болып табылатынын тексеріңіз және басқару түймешіктеріне саусағыңыздың басын тигізіңіз. |
| Шыныда сызаттар бар. | Асүй ыдыс-аяғының түбі тегіс емес.<br><br>Ыдыс-аяққа арналған жарамсыз жөкелер немесе абразивтік тазартқыш құралдар пайдаланылады. | Түбі жайпақ әрі тегіс асүй ыдыс-аяғын пайдаланыңыз. «Лайықты асүй ыдыс-аяғын пайдалану» бөлімін қараңыз.<br><br>«Күтім жасау және тазалау» бөлімін қараңыз. |
| Асүй ыдыс-аяғының кейбір түрлерін пайдаланатын кезде шытырлаған дыбыс естіледі. | Бұл ыдыс-аяқтың конструкциясына байланысты болуы мүмкін (әр түрлі металдардың қабаттары әр түрлі дірілдейді). | Бұл асүй ыдыс-аяғы үшін қалыпты құбылыс және бұл проблеманың орын алғанын білдірмейді. |
| Индукциялық пісіретін бетті жоғары қыздыру деңгейінің орнатылымымен пайдаланатын кезде бәсең шуыл естіледі. | Бұл индукциялық қыздырудың спецификасына байланысты. | Бұл қалыпты құбылыс, бірақ қыздыру деңгейін азайтқан кезде шуыл төмендеуге немесе түгелдей жоғалуға тиіс. |

| | | |
|---|---|---|
| Индукциялық пісіретін бет жұмыс істеп тұрған кезде желдеткіштің шуылы естіледі. | Электрондық компоненттердің қатты қызуын жол бермеу үшін, сіздің индукциялық пісіретін бетіңізге қоса орнатылған салқындатушы желдеткіш жұмыс істейді. Ол тіпті индукциялық пісіретін бет өшірілгеннен кейін де біраз уақыт жұмыс істеуін жалғастыруы мүмкін. | Бұл қалыпты құбылыс және ешқандай әрекеттер жасаудың қажеті жоқ. Желдеткіш жұмыс істеп тұрған уақытта индукциялық пісіретін бетті қабырғада орналасқан ажыратқыштың көмегімен өшірмеңіз. |
| Ыдыс-аяқ қызады және дисплейде ыдыс-аяқтың [illegible] жоқтығының белгісі көрсетіледі. | Индукциялық пісіретін бет оның үстіне қойылған ыдыс-аяқтың индукциялық пісіретін бетте тамақ пісіру үшін жарамайтынының салдарынан ол ыдыс-аяқты ажырата алмайды.<br><br>Индукциялық пісіретін бет оның үстіне қойылған ыдыс-аяқтың пайдаланылатын қыздыру аумағы үшін тым кішкентай болуының немесе қыздыру аумағының тура ортасына орнатылмағанының салдарынан ол ыдысты ажырата алмайды. | Индукциялық пісіретін бетте пайдалану үшін жарамды асүй ыдыс-аяғын пайдаланыңыз. «Лайықты асүй ыдыс-аяғын таңдау» бөлімін қараңыз.<br><br>Ыдыс-аяқты қыздыру аумағының тура ортасына қойыңыз және ыдыс-аяқтың табанының диаметрі қыздыру аумағының мөлшеріне сәйкес келетінін тексеріңіз. |
| Индукциялық пісіретін бет немесе оның қыздыру аумағы кенеттен өшеді, дыбыстық сигнал беріледі де дисплейде қателік коды көрсетіледі (әдетте бұл таймердің дисплейінде көрсетілетін бір разрядтық немесе екі разрядтық код). | Техникалық ақаулық. | Әріптік-сандық қателік кодын жазып алыңыз, қабырғада орнатылған ажыратқыштың көмегімен индукциялық пісіретін бетті өшіріңіз де, білікті маманға хабарласыңыз. |

# Қателік кодтары және тексеру

Индукциялық пісіретін беттің қалыпты жұмысы бұзылған кезде, пісіретін бет автоматты түрде қорғаныш әрекетінің күйіне ауысады және дисплейде тиісті қателік коды көрсетіледі.

| Проблема | Ықтимал себептері | Не істеу керек |
|---|---|---|
| F3-F8 | Температура бергіші ақаулы | Сервистік орталыққа хабарласыңыз. |
| F9-FE | IGBT температура бергіші ақаулы | Сервистік орталыққа хабарласыңыз. |
| E1/E2 | Қоректендіру кернеуі дұрыс емес | Қоректендіру кернеуін тексеріңіз. Қалыпты қоректендіру кернеуі қамтамасыз етілгеннен кейінн, электр аспапты қосыңыз. |
| E3/E4 | Температура дұрыс емес | Асүй ыдыс-аяғын тексеріңіз. |
| E5/E6 | Индукциялық пісіретін бет генерациялайты жылу нашар сейіледі | Индукциялық пісіретін бет суығаннан кейін, оны қайтадан қосыңыз. |

Жоғарыда неғұрлым кең таралған ақаулықтарды табу және жою суреттелген. Қауіптер мен индукциялық пісіретін беттің ақаулықтарының туындауына жол бермеу үшін, ешқашанда индукциялық пісіретін бетті өз бетіңізбен бөлшектемеңіз.

# Техникалық сипаттамалары

| | |
|---|---|
| Пісіретін бет | CI 3640 ELITE |
| Қыздыру аумақтарының саны | 3 аумақ |
| Қоректендіру кернеуі | 220-240 В~ |
| Орнатылған электр қуаттылығы | 7200 Вт |
| Бұйымның габариттік мөлшерлері Т х Е х Б (мм) | 660X520X60 |
| А х В қоса орнатуға арналған ойықтардың мөлшерлері (мм) | 560X490 |

Жоғарыда көрсетілген массасы мен мөлшерлері долбарлы болып табылады. Біз өзіміз шығаратын өнімдерді жақсартуға үнемі ұмтылатындықтан, біз өзіміз шығаратын өнімдердің сипаттамаларын алдын ала құлақтандырусыз өзгерту құқығын өзімізге қалдырамыз.

# Орнату

## Орнатуға арналған орынды таңдау

Жұмыс бетінде суретте көрсетілген мөлшерлерге сәйкес ойық жасаңыз. Жабдықты орнатуды және іске пайдалануды жүзеге асыру үшін, тесілген ойықтың айналасында кем дегенде 5 см бос кеңістік болуға тиіс.
Жұмыс бетінің (үстел тақтасының) қалыңдығы кем дегенде 30 мм болуға тиіс.
Жұмыс бетінің материалы пісіретін беттен қызудан туындаған деформацияға жол бермеу үшін термикалық төзімді болуға тиіс. Төменде көрсетілгендей:




SEAL - АРАТӨСЕМ

| L (мм) | W (мм) | H (мм) | D (мм) | A (мм) | B (мм) | X (мм) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 660 | 520 | 60 | 56 | 560+4<br>+1 | 490+4<br>+1 | кем дегенде 50 |

Индукциялық пісіретін беттің жақсы желдетілетінін және ауа кіруіне және шығуына арналған ойықтардың көлегейленбейтінін міндетті түрде тексеріңіз.
Индукциялық пісіретін беттің қалыпты жұмыс күйінд тұрғанына көз жеткізіңіз.
Төменде көрсетілгендей:

Ескерім: Пісіретін бет пен оның үстінде орналасқан аспалы шкафтың арасындағы қашықтық кем дегенде 760 мм болуға тиіс.




| A (мм) | B (мм) | C (мм) | D | E |
|---|---|---|---|---|
| 760 | кем дегенде 50 | кем дегенде 20 | Ауа кіруіне арналған ойық | Ауа шығуына арналған ойық, кем дегенде 5 мм |

## Пісіретін бетті орнатудың алдында төмендегілерді тексеріңіз:

- жұмыс беті тікбұрышты болып табылуға және горизонталды түрде орналасқан болуға тиіс, сондай-ақ конструкциялық элементтер қажетті бос кеңістікке қатысты талаптарды бұзбауға тиіс.
- оған пісіретін бет орнатылатын жұмыс беті термикалық төзімді материалдан жасалған болуға тиіс.
- егер пісіретін бет тұмша пештің үстінде орнатылатын болса, онда тұмша пеш қоса орнатылған салқындатушы желдеткішпен жабдықталған болуға тиіс .
- орнату саңылауларға қатысты талаптарға сәйкес және қолданыстағы ережелер мен нормалардың талаптарына сәйкес орындалуға тиіс.
- тұрақты сымдар электр аспапты қоректендіруші электр желісінен толық ажыратуды қамтамасыз ететін, қолданыстағы ережелер мен нормалардың талаптарына сәйкес орнатылған ағытқышпен жабдықталған болуға тиіс. Контактыларының арасында барлық полюстерде (немесе, егер оған қолданыстағы электротехникалық ережелермен және нормалармен жол берілетін болса, барлық фазаларда) 3 мм-ге тең ауа саңылауы бар, бекітілген типті ағытқыш пайдаланылуға тиіс.
- пісіретін бет орнатылғаннан кейін ағытқышқа ыңғайлы қол жеткізу мүмкіндігі қамтамасыз етілуге тиіс.

• егер сіздің электр аспапты орнатуды жүзеге асырудың дұрыстығына қатысты күмәндарыңыз болса, сіздің үйіңізді басқаруды жүзеге асыраты компанияда консультация алыңыз.
• пісіретін бетті қоршап тұрған қабырғалардың беті жылуға төзімді және оңай тазаланатын материалмен (мысалы, қыш тақташамен) қапталған болуға тиіс.

## Пісіретін бетті орнатуды жүзеге асырудан бұрын төмендегілерді тексеріңіз:

• қоректендіру бауына шкафтың есікшелері мен жәшіктері арқылы қол жеткізу жүзеге асырыла алмауға тиіс.
• пісіретін беттің табанына сырттан таза ауаның жеткілікті ағыны қамтамасыз етілуге тиіс.
• егер пісіретін бет шкафтың үстінде орнатылатын болса, онда пісіретін беттің табанының астында термикалық қорғаныш бөгеті орнатылуға тиіс.
• электр тогымен қоректендіру желісін ағытқыш пайдаланушы үшін оңай қол жеткізетіндей болуға тиіс.

## Орнықтырғыш қапсырмаларды орнатудан бұрын

Пісіретін бет орнықты, тегіс беттің үстіне орнатылуға тиіс (қапталымында көрсетілген ақпаратты пайдаланыңыз). Пісіретін бетінен шығыңқы тұрған басқару органдарына күш салмаңыз.

## Орнықтырғыш қапсырманың қалпын реттеу

Орнатқаннан кейін пісіретін бетті жұмыс бетінде пісіретін беттің түбінд орналасқан төрт қапсырманың көмегімен бекітіңіз (суретті қараңыз). Қапсырманың қалпын жұмыс бетінің (үстел тақтасының) қалыңдығына сәйкес реттеңіз.

bracket -қапсыры



# Ескертулер

1. Индукциялық пісіретін бетті білікті маман орнатуға тиіс. Бізде сіздің пісіретін бетіңізді дұрыс орнатып беретін мамандар бар. Ешқашанда пісіретін бетті орнатуды өз бетіңізбен жүзеге асырмаңыз.
2. Пісіретін бет тікелей ыдыс жуғыш машинаның, тоңазытқыштың, мұздатқыштың, кіржуғыш машинаның немесе кірге арналған барабан құрғатқыштың үстінде орнатылмауға тиіс, өйткені ондай жағдайда пісіретін беттің электрондық компоненттеріне ылғалдың әсер етуінің нәтижесінде олардың зақымдалуы орын алуы мүмкін.
3. Индукциялық пісіретін бет ол генерациялайтын жылудың оңтайлы сейілуі қамтамасыз етілетіндей түрде орнатылған болуға тиіс.
4. Қабырға мен жұмыс бетінің үстінде орналасқан аумақ жылудың әсеріне шыдайтын болуға тиіс.
5. Қатпарлы материал мен желім термикалық төзімді болуға тиіс.

# Пісіретін бетті электр желісіне қосу

Пісіретін бетті қоректендіруші электр желісіне тек білікті маман қосуға тиіс.

Пісіретін бетті электр желісіне қосудан бұрын төмендегілерді тексеріңіз:

1. сіздің үйіңіздегі электр сымдарының жүктемелік қабілеті пісіретін бет тұтынатын қуаттылық үшін жеткілікті болып табылуға тиіс.

2. электр желісінің кернеуі пісіретін беттің төлқұжаттық табличкасында көрсетілген кернеуге сәйкес болуға тиіс.

3. қоректендіру бауы пісіретін беттің төлқұжаттық табличкасында көрсетілген жүктемеге шыдайтын болуға тиіс.

Пісіретін бетті электр желісіне қосу үшін жалғастырғыш тетіктер мен үштіктерді пайдаланбаңыз, өйткені бұл өрт шығуына әкеліп соғуы мүмкін.

Қоректендіру кабелі ыстық бөлшектерге жанаспайтын болуға және оның нүктелерінің ешқайсысында температура 75°C градустан аспайтындай орналасқан болуға тиіс.

Электриктің сіздің үйіңіздегі электр сымдарын пісіретін бетті қоректендіру үшін пайдалануға болатынын тексеруін сұраңыз. Электр сымдарындағы барлық өзгертуді тәжірибелі электрик орындауға тиіс.

Қоректендіру кернеуі қолданыстағы электротехникалық ережелер мен нормаларға сәйкес қосылуға тиіс немесе төменде көрсетілгендей, бір полюсті автоматты ажыратқыш пайдаланылуға тиіс.

| Напряжение | Подсоединение проводов |
|---|---|
| 380-415 В 3/N~ |  |
| 220-240 В~ |  |

- Қауіпті жағдаяттардың орын алуына жол бермеу үшін, зақымдалған қоректендіру бауын ауыстыруды сатудан кейін қызмет көрсету қызметінің қызметкері арнайы құрал-сайманды пайдаланып орындауға тиіс.
- Егер электр аспап электр желісіне тура қосылатын болса, онда бір полярлық автоматты ажыратқыш орнтылуға тиіс. Ондай ажыратқыштың контактыларының арасындағы қашықтық кем дегенде 3 мм болуға тиіс.
- Жабдықты орнатуды жүзеге асыратын маман электр қосылыстардың дұрыс және қолданыстағы нормалар мен ережелерге сәйкес орындалғанын тексеруге тиіс.
- Желілік бау бүктелмеуге немесе шиырылмауға тиіс.
- Желілік бау жүйелі қарап тексеріліп отыруға тиіс. Желілік бауды ауыстыруды тек бекітілген маман орындауға тиіс.

| | |
|---|---|
|  | Бұл электр аспаптың электр және электрондық жабдықты (WEEE) кәдеге жарату жөніндегі 2012/19/ЕО еуропалық директивасына сәйкес таңбаламасы бар. Бұл электр аспапты дұрыс кәдеге жарату қоршаған ортаны ластаудың және адамдардың денсаулығына зиян келтірудің алдын алады. |
| **КӘДЕГЕ ЖАРАТУ: Бұл бұйымды сұрыпталмаған тұрмыстық қалдықтар секілді тастамаңыз. Бұл бұйымды онда пайдаланылатын материалдарды сұрыптауды орындаумен бірге кәдеге жарату қажет.** | Бұйымдағы таңбалама бұл бұйымды әдеттегі тұрмыстық қалдықтар секілді тастауға болмайтынын көрсетеді. Бұл бұйымды онда пайдаланылатын электр және электрондық компоненттерді екінші қайтара пайдалану үшін жинау пунктіне жеткізу керек.<br><br>Бұл электр аспап үшін арнайы кәдеге жарату талап етіледі. Бұл бұйымды кәдеге жаратуға және оның ішінде бар материалдарды қайта пайдалануға қатысты бұдан көрі толық ақпарат алу үшін, жергілікті басқару органдарына, жергілікті тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату қызметіне немесе сіз одан бұл бұйымды сатып алған дүкенге хабарласу керек.<br><br>Бұл бұйымды кәдеге жаратуға және оның ішінде бар материалдарды қайта пайдалануға қатысты бұдан көрі толық ақпарат алу үшін, жергілікті басқару органдарына, жергілікті тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату қызметіне немесе сіз одан бұл бұйымды сатып алған дүкенге хабарласу керек. |

Өндіруші басып шығарудың барысында орын алған осы нұсқаулықтағы қателіктер үшін өзіне жауапкершілік қабылдамайды. Өндірушінің өзінің бұйымдарына, бұл орайда негізгі сипаттамаларын сақтай отырып, ол өзінің бұйымдары үшін пайдалы деп табатын өзгертулер енгізуге құқығы бар.



PN:16166000A18448